

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ¹

<p>2021 жылы түсім 2020 жылдағы 3 526 млрд теңгемен (8 767 млн АҚШ долл.) салыстырғанда</p> <p>5 839 МЛРД ТЕҢГЕНІ (13 704 млн АҚШ доллары) құрады</p>	<p>EBITDA көрсеткіші 2020 жылғы 810 млрд теңгемен (1 960 млн АҚШ долл.) салыстырғанда</p> <p>1 609 МЛРД ТЕҢГЕНІ (3 776 млн АҚШ доллары) құрады</p>	<p>EBITDA түзетілген көрсеткіші 2020 жылғы 664 млрд теңгемен (1 607 млн АҚШ долл.) салыстырғанда</p> <p>1 256 МЛРД ТЕҢГЕНІ (2 947 млн АҚШ долл.) құрады</p>	<p>Есепті кезеңдегі Компанияның таза пайдасы 2020 жылғы 172 млрд теңгемен (416 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда</p> <p>1 197 МЛРД ТЕҢГЕНІ (2 810 млн АҚШ доллары) құрады.</p> <p>Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда кезең ішінде</p> <p>1 216 МЛРД ТЕҢГЕНІ (2 853 млн АҚШ доллары) құрады</p>
<p>Еркін ақша ағыны 2020 жылғы 50 млрд теңгемен (121 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда,</p> <p>669 МЛРД ТЕҢГЕНІ құрады (1 570 млн АҚШ доллары).</p>	<p>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы қарыз</p> <p>3 746 МЛРД ТЕҢГЕНІ (8 676 млн АҚШ долл.) құрады, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 078 млрд теңге (9 690 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 8,1%-ға азайғанын көрсетті.</p>	<p>2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның таза борышы 2020 жылдың соңындағы</p> <p>2 204 МЛРД ТЕҢГЕНІ (6 162) млн АҚШ долл. мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда 15%-ға төмендеп, 2 204 млрд теңгені (5 104 млн АҚШ доллары) құрады</p>	

Толық ақпарат «Қаржы есептілігі» бөлімінде берілген

ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020
Мұнай	\$/барр.	70,91	41,84
Орташа бағам	теңге / АҚШ долл.	426,06	413,26
Кезең соңындағы бағам	теңге / АҚШ долл.	431,80	420,91
Түсім	млрд теңге	5 839	3 625
	млн АҚШ долл.	13 704	8 767
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	млрд теңге	769	281
	млн АҚШ долл.	1 804	679
Таза пайда ²	млрд теңге	1 197	172
	млн АҚШ долл.	2 810	416
Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда	млрд теңге	1 216	273
	млн АҚШ долл.	2 853	661
EBITDA ³	млрд теңге	1 609	810
	млн АҚШ долл.	3 776	1 960
Түзетілген EBITDA көрсеткіші ⁴	млрд теңге	1 256	664
	млн АҚШ долл.	2 947	1 607
Еркін ақша ағыны ⁵	млрд теңге	669	50
	млн АҚШ долл.	1 570	121
Жалпы қарыз ⁶	млрд теңге	3 746	4 078
	млн АҚШ долл.	8 676	9 690
Таза қарыз ⁷	млрд теңге	2 204	2 594
	млн АҚШ долл.	5 104	6 162

¹ Сомалар қолайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2021 және 2020 жылдардағы орташа бағамдар, тиісінше, 426,06 және 413,46 теңге/АҚШ долларын құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсанға және 2020 жылғы 31 желтоқсанға бағамдар, тиісінше, 431,80 және 420,91 теңге/АҚШ долларын құрады).

² Таза пайда «QazaqGas» ҰК АҚ (бұрын – «ҚазТрансГаз» ҰК АҚ) тоқтатылған қызметінен салық салынғаннан кейінгі таза пайданы қамтиды

³ EBITDA: түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірістеріндегі үлес, нетто, минус сатып алынатын мұнай, газ, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны, минус өндірістік шығыстар, минус жалпы және әкімшілік шығыстар, минус тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстар, минус табыс салығынан басқа салықтарды шегергенде.

⁴ Түзетілген EBITDA көрсеткіші: түсім минус сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны, минус өндірістік шығыстар, минус жалпы және әкімшілік шығыстар, минус тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстар, табыс салығы плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендті есептемегенде, минус салықтар.

⁵ Еркін ақша ағыны: негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлік пен барлау және бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда, операциялық қызметтен алынған ақша ағыны (бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді қамтиды).

⁶ Жалпы борышқа облигациялар мен қарыздар кіреді (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁷ Таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар минус ақшалай қаражат пен оның баламалары, минус банк салымдары (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

Кіріс пен шығын туралы шоғырландырылған есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020	Өзгеріс
Түсім және өзге де кіріс				
Түсім	млн теңге	5 838 793	3 624 964	2 213 829
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі, нетто	млн теңге	768 733	280 815	487 918
Қаржылық кіріс	млн теңге	84 599	87 987	(3 388)
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан түсетін кіріс	млн теңге	19 835	0	19 835
Басқа операциялық кіріс	млн теңге	30 779	19 020	11 759
Түсімнің және өзге де кірістің жиыны	млн теңге	6 742 739	4 012 786	2 729 953
Шығыстар мен шығындар				
Сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(3 596 491)	(1 901 236)	(1 695 255)
Өндірістік шығындар	млн теңге	(693 031)	(656 178)	(36 853)
Табыс салығынан басқа салықтар	млн теңге	(428 639)	(254 322)	(174 317)
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(322 068)	(317 427)	(4 641)
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	млн теңге	(131 912)	(137 144)	5 232
Жалпы және әкімшілік шығыстар	млн теңге	(148 478)	(146 625)	(1 853)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау жөніндегі активтердің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы	млн теңге	(20 724)	(243 893)	223 169
Барлау бойынша шығыстар	млн теңге	(79 083)	(19 807)	(59 276)
Бірлескен кәсіпорынға және қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың құнсыздануы	млн теңге	(64)	(30 654)	30 590
Қаржылық шығындар	млн теңге	(249 265)	(265 372)	16 107
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	млн теңге	17 781	(16 189)	33 970
Өзге де шығыстар	млн теңге	(24 510)	(28 094)	3 584
Шығыстар мен шығындар жиыны	млн теңге	(5 676 484)	(4 016 941)	(1 659 543)
Табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда/(шығын)	млн теңге	1 066 255	(4 155)	1 070 410
Табыс салығы бойынша шығыстар	млн теңге	(221 393)	(85 276)	(136 117)
Жалғасып жатқан қызметтен бір жыл ішіндегі пайда/(залал)	млн теңге	844 862	(89 431)	934 293
Тоқтатылған қызмет				
Салық салынғаннан кейіні тоқтатылған қызметтен түскен пайда	млн теңге	352 478	261 328	91 150
Бір жыл ішіндегі таза пайда	млн теңге	1 197 340	171 897	1 025 443
Бір жылдағы таза пайда/(шығын):				
Бас компанияның акционерлеріне тиесілі	млн теңге	1 215 561	273 237	942 324
Бақыланбайтын қатысу үлесіне тиесілі	млн теңге	(18 221)	(101 340)	83 119
	млн теңге	1 197 340	171 897	1 025 443

Түсім

2021 жылғы түсім 5 839 млрд теңгені (13 704 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 61,1%-ға жоғары. Brent маркалы мұнай бағасының жылдан жылға 69,5%-ға өсуі, АҚШ долларына шаққанда, орташа айырбас теңгенің жылдан жылға 3,0%-ға әлсіреуі және KMG International N. V. (KMG) мұнай және мұнай өнімдері трейдингі көлемдерінің ұлғаюы түсім қарқынына негізгі оң әсерін тигізді. Түсімнің өсуі ОПЕС+ келісіміне сәйкес жеке-леген кен орындарында өндірудің, сондай-ақ газ бен мұнай өнімдерін сату көлемдері азайғандықтан, түсімнің төмендеуімен шектелді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі

2021 жылы бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес кем дегенде екі есе өсіп, 769 млрд теңгені (1 804 млн АҚШ долл.) құрады, бұл, негізінен, «Теңізшевройл» ЖШС пайдасының 268 млрд теңгеге (617 млн АҚШ долл.), «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШҚ 95 млрд теңгеге (224 млн АҚШ долл.), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 63 млрд теңгеге (148 млн АҚШ долл.) және «ҚазРосГаз» ЖШС 20 млрд теңгеге (47 млн АҚШ долл.) өсу нәтижесінде болды.

Өзіндік құн

2020 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны 89,2%-ға артып, 3 596 млрд теңгені (8 441 млн АҚШ долл.) құрады. Өзіндік құнның ұлғаюы, негізінен, мұнайдың орташа бағасының өсуіне және АҚШ долларына шаққанда, теңгенің орташа айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты.

Басқа да шығыстар

2020 жылмен салыстырғанда, 2021 жылы өндірістік шығындар аздап ұлғайып, 693 млрд теңгені (1 627 млн АҚШ доллары) құрады.

Тасымалдау және сату бойынша шығындар 132 млрд теңгені (310 млн АҚШ долл.) құрап, 2020 жылғы көрсеткіштен 3,8%-ға төмен болды. Жалпы және әкімшілік шығындар 1,3%-ға 148 млрд теңгеге дейін (348 млн АҚШ долл.) өсті.

2021 жылы табыс салығынан басқа салықтар, негізінен, мұнай бағасының өсуі салдарынан ренталық салық, экспорттық кедендік баж және пайдалы қазбалар өндіру салығы бойынша шығыстардың артуы нәтижесінде 68,5%-ға ұлғайып, 429 млрд теңгені (1 006 млн АҚШ доллары) құрады.

2021 жылы жалақы бойынша шығындар 386 млрд теңгені (907 млн АҚШ доллары) құрады және жылдан жылға 4,2%-ға ұлғайғанын көрсетіп, өндірістік шығыстардың, тасымалдау және өткізу жөніндегі шығыстардың және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамында көрсетілді.

2021 жылғы қаржылық шығындар 249 млрд теңгені (585 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімімен облигациялардың мерзімінен бұрын толық өтелуіне байланысты 6,1%-ға аз болды.

Активтердің құнсыздануы

2021 жылы жүргізілген бағалау нәтижесінде активтердің құнсыздануынан шығын 21 млрд теңгені (49 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2020 жылы танылған 244 млрд теңге (590 млн АҚШ доллары) сомасындағы құнсызданудан 92%-ға төмен. Құнсыздану бойынша шығын сомасы KMG International активтерінің 8 млрд теңгеге (19 млн АҚШ долл.), «Сұңқар», «Барыс» және

«Бүркіт» өздігінен жүретін баржаларының 4,5 млрд теңгеге (10 млн АҚШ долл.) және өзгелердің 8 млрд теңгеге (19 млн АҚШ долл.) құнсыздануын қамтиды. 2021 жылы активтердің құнсыздануы бойынша залал есепті кезеңде "Ембімұнайгаз" АҚ-ның материалдық емес активтері мен барлау және бағалау бойынша активтерінің негізгі құралдарының құнсыздану белгілерінің анықталмауына байланысты, айтарлықтай төмендегенін көрсетті.

Таза пайда

2020 жылғы 172 млрд теңге (416 млн АҚШ долл.) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда Компанияның есепті кезеңдегі таза пайдасы 1 197 млрд теңгені (2 810 млн АҚШ долл.) құрап, орташа мұнай бағасының өсуі, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске жататын түсім мен кірістердің ұлғаюы, сондай-ақ 2021 жылғы негізгі құралдардың құнсызданбауы аясында елеулі ұлғаюды көрсетті.

Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда 1 216 млрд теңгені (2 853 млн АҚШ долл.) құрады.

Күрделі шығындар

2021 жылы Компанияның күрделі шығындары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылған) 2020 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға төмендеп, 414 млрд теңгені (972 млн АҚШ доллары) құрады.

ЕБИТДА

2020 жылдағы 810 млрд теңгемен (1 960 млн АҚШ долл.) салыстырғанда ЕБИТДА шоғырландырылған көрсеткіші жылдан жылға 98,6%-ға ұлғайып, 1 609 млрд теңгені (3 776 млн АҚШ долл.) құрады.

ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші 2020 жылдағы 664 млрд теңгемен (1 607 млн АҚШ долл.) салыстырғанда 89%-ға ұлғайып, 1 256 млрд теңгені (2 947 млн АҚШ долл.) құрады.

ҚМГ-ның тігінен интеграцияланған қызметіне байланысты біз ЕБИТДА көрсеткішін төменде берілген сегменттерді бөліп талдаймыз. Біз сегменттік ақпаратты ХҚЕС

негізінде талдаймыз және ашамыз. Сегменттердің пайдасы кіріс және таза пайда көрсеткіштері негізінде қарастырылады. ҚМГ компаниялары тобының операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымға және басқаруға ие, бұл ретте, барлық сегменттер әртүрлі өнім түрлерін ұсынатын және әртүрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, газды өткізу және тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу, ҚМГ корпоративтік орталығының қызметі және т.б. (мұнай-сервис және өзге де


маңызды емес ұйымдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін ерекшелейді, өйткені ҚМГ бас компанияның функцияларын орындайды, сонымен қатар операциялық (шикі мұнайды АМӨЗ және ПМХЗ-да өңдеп, одан әрі алынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарға өткізе отырып) қызметті жүзеге асырады.

2021 жыл ішінде сегменттер бойынша ЕБИТДА ұлғаюының негізгі факторы «Мұнай мен газ барлау және өндіру» сегментінде ЕБИТДА-ның мұнай бағасының өсуі аясында 652 млрд теңгеге (1 501 млн АҚШ долл.) ұлғаюы болып табылады.

Сегменттер бойынша 2020 және 2021 жылдардағы ЕБИТДА көрсеткіші


Сегмент	Өлшем бірлігі	2021	2020	Δ
Мұнай және газ барлау және өндіру	млн теңге	1 041 811	390 221	651 590
	млн АҚШ долл.	2 445	944	1 519
	%	65	48	17 п.п.
Мұнай тасымалдау	млн теңге	211 356	226 838	-15 482
	млн АҚШ долл.	496	549	-53
	%	13	28	15 п.п.
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату	млн теңге	289 422	214 839	74 583
	млн АҚШ долл.	679	520	160
	%	18	27	-9 п.п.
Корпоративтік орталық	млн теңге	71 449	(25 077)	96 526
	млн АҚШ долл.	168	(61)	228
	%	4	-3	8 п.п.
Өзгесі	млн теңге	13 359	(5 346)	18 705
	млн АҚШ долл.	31	(13)	44
	%	1	-1	2 п.п.
Элиминация	млн теңге	(18 422)	8 799	(27 221)
	млн АҚШ долл.	(43)	21	(65)
		-1	1	-2 п.п.
ЕБИТДА	млн теңге	1 608 975	810 274	798 701
	млн АҚШ долл.	3 776	1 960	1 817

EBITDA-ның соңғы бес жылдағы динамикасы, млн долл. США




■ EBITDA
— Brent, кезеңдегі орташа баға

EBITDA түзетілген көрсеткішінің соңғы бес жылдағы динамикасы



■ EBITDA, түзетілген көрсеткіш
— Brent, кезеңдегі орташа баға

Соңғы бес жыл ішіндегі мұнай мен газ барлау және өндіру сегментіндегі түзетілген EBITDA көрсеткішінің динамикасы



■ Upstream EBITDA
— Brent, кезеңдегі орташа баға

Ақша қаражатының қозғалысы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2020	Өзгеріс
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	млн теңге	1 078 497	446 533	631 964
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	млн теңге	(988 694)	(205 611)	(783 083)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары	млн теңге	(282 533)	(245 227)	(37 306)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен олардың баламаларына тигізетін әсері	млн теңге	22 851	85 341	(62 490)
Күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтегі өзгеріс	млн теңге	(136)	376	(512)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	млн теңге	(170 015)	81 412	(251 427)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	млн АҚШ долл.	(399)	197	(596)


Ақша қаражаты мен олардың баламалары

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақша қаражаты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда,

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3,9%-ға өсіп, 1 542 млрд теңгені (3 572 млн АҚШ долл.) құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының ұлғаюы, негізінен, операциялық қызметтен алынған 1 078 млрд теңге (2 531 млн АҚШ доллары) сомасына оң көріністегі таза ақша ағынымен байланысты. Бұл «ҚазТрансГаз» ҰК АҚ-ның 380

438 млн теңге мөлшерінде шоғырландырылуына байланысты ақшалай қаражаттың шығуымен ішінара теңдестірілді. Долларлық мәнде шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы 3 528 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,3%-ға, яғни 3 572 млн АҚШ долларына дейін өсті.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн АҚШ доллары



Алынған дивиденд

ҚМГ компаниялар тобы үшін ҚМГ бас компания болып табылады және өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарынан, бірлескен кәсіпорындарынан және қауымдасқан компанияларынан дивиденд алады. Компания 2021-2020 жылдары ішінде тиісінше 415 млрд теңге (976 млн АҚШ долл.) және 135 млрд теңге (326 млн АҚШ

доллары) мөлшерінде дивиденд алды. 2021 жылы «Теңізшевройл» ЖШС-нен түскен дивиденд 177 млрд теңгені (416 млн АҚШ доллары), Каспий құбыр желісі консорциумынан 96 млрд теңгені (226 млн АҚШ доллары), «ҚазРосГаз» ЖШС-нен 46 млрд теңгені (107 млн АҚШ долл.) құрады.

Төленген дивиденд

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2021 жылғы 4 мамырдағы шешіміне сәйкес ҚМГ 56 млрд теңге (131 млн АҚШ долл.) сомасында дивиденд, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Ұлттық банкіне 50 млрд теңге (117 млн АҚШ долл.) сомасында дивиденд төледі.

Алынған дивиденд



Қаржылық жағдай туралы есеп

Баптың атауы	Өлшем бірлігі	2021	2020	Өзгеріс
Активтер				
Негізгі құралдар	млн теңге	3 405 980	4 369 745	(963 765)
Ұзақ мерзімді банктік салымдар	млн теңге	56 058	56 528	(470)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	млн теңге	6 550 384	6 471 021	79 363
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	млн теңге	533 303	1 279 570	(746 267)
Қысқа мерзімді банктік салымдар	млн теңге	510 513	282 472	228 041
Ақша қаражаты және оның баламалары	млн теңге	975 849	1 145 864	(170 015)
Өзге де қысқа мерзімді активтер	млн теңге	1 619 379	1 001 569	617 810
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер	млн теңге	795	46 518	(45 723)
Активтер жиыны	млн теңге	13 652 261	14 653 287	(1 001 026)
Активтер жиыны	млн АҚШ долл.	31 617	34 813	(3 196)
Капитал және міндеттемелер				
Капитал жиыны	млн теңге	8 158 681	8 636 679	(477 998)
Капитал жиыны	млн АҚШ долл.	18 895	20 519	(1 624)
Міндеттемелер				
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 261 347	3 716 892	(455 545)
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	млн теңге	859 949	966 341	(106 392)
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	484 980	361 556	123 424
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	млн теңге	887 304	971 819	(84 515)
Міндеттемелер жиыны	млн теңге	5 493 580	6 016 608	(523 028)
Міндеттемелер жиыны	млн АҚШ долл.	12 723	14 294	(1 572)
Капитал мен міндеттемелер жиыны	млн теңге	13 652 261	14 653 287	(1 001 026)
Капитал мен міндеттемелер жиыны	млн АҚШ долл.	31 617	34 813	(3 196)

Борышты басқару

Компанияның қаржы міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Борыштық портфель, негізінен басты кіріс валютасы – АҚШ долларымен жасалады. Сәйкесінше туынды қаржы құралдарын пайдаланбай валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.

Жалпы борыш

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы борыш¹ 3 746 млрд теңге (8 676 млн АҚШ доллары) болды. Бұл «ҚазТрансГаз» АҚ-ның деконсолидациялануы нәтижесінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгелік мәнде 8,1%-ға азайғанын (долларлық мәнде 10,5%-ға азайғанын) көрсетті. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдік міндеттемелерді ескергенде, жалпы борыш 3 748 млрд теңге (8 680 млн АҚШ доллары) болды және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, теңгелік мәнде 13,2%-ға төмен екендігін (долларлық мәнде 15,4%-ға төмендеу) көрсетті.

Компанияның борыш жүктемесіндегі валюталық тәуекелді азайту мақсатында қарызды қайта қаржыландыру бойынша бірқатар мәміле жасалды. Есепті кезең ішінде АМӨЗ шетел валютасында деноминалданған мынадай қарыздарды қайта қаржыландырды:

- 2021 жылғы қаңтарда АМӨЗ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 54 млрд теңгеге қарыз тарту арқылы «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-дан 126 млн АҚШ доллары сомасындағы қарызды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүргізді;
- 2021 жылғы қарашада АМӨЗ 38 млрд рубль сомасында ДСБ ЖАҚ қарыз алу арқылы 2022 жылғы қаңтарда 518 млн АҚШ долл. сомасындағы Export-Import Bank of China (Eximbank) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеу үшін соманы резервтеуді жүргізді;
- 2021 жылғы желтоқсанда АМӨЗ «Қазақстан Халық банкі» АҚ 56 млрд теңгеге қарыз тарту арқылы 119 млн АҚШ доллары сомасына Japan Bank for International Cooperation (JBIC) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді жүргізді.


2022 жылғы қаңтарда Export-Import Bank of China (Eximbank) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді есепке

алғандағы жалпы борыш 3 524 млрд теңгені (8 158 млн АҚШ долл.) құрады.


КМGI айналым капиталын қаржыландыру үшін Cargill-ден 50 млн АҚШ доллары сомасына, Banque de Commerce et de Placements-тен 46 млн АҚШ долларына қысқа мерзімді қарыздар алды. Сондай-ақ КМGI, сыйақыны қоса алғанда, ING Bank NV-дан 71 млн АҚШ долл. сомасындағы қысқа мерзімді қарызды ішінара өтеді.

Таза борыш

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза борыш 2 204 млрд теңгені (5 104 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгелік мәндегі көрсеткіштен 15%-ға төмен.



Қарызды номинал бойынша өтеу кестесі, млн АҚШ доллары



¹ Кепілдемелік міндеттемелерді қоспағанда